

**Ақтөбе қаласы № 40 жалпы білім беретін орта мектебінің  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ І-ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ТАЛДАУЫ  
2021-2022 оқу жылы**

Биылғы оқу жылында мектепте 1723 оқушы білім алуда. Мектептегі психологиялық қызмет негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылды. Психологиялық кабинетіне қажетті диагностикаларды, коррекциялық материалдар жинақталды. Аталған оқу жылында 1-ші және 2-ші жарты жылдықтағы жоспар Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы жанынан ашылған әлеуметтік-психологиялық қолдау кабинетінің бекіткен жоспары бойынша жүзеге асырылды.

1. Диагностикалық бағыт бойынша 1-класс оқушыларының мектепке дайындығы және 1,5 класс адаптациясы зерттелінді. «Менің класым» жобалау әдістемесі алынды. Зерттеуге 219 оқушы қатысты. 1 класс оқушыларын зерттеу негізінде бейімделуі жоғары - 44 оқушы - 21%, орташа - 169 оқушы - 76,3 %, төмен - боқушы - 2,7%. 5 класс оқушыларын диагностикалау нәтижесінде бейімделуі жоғары - 65 оқушы - 44,2%, орташа - 82 оқушы - 55,8 %, төмен деңгейдегі оқушы анықталмады. 1 класс оқушыларында төмен бейімделуге ие оқушылармен жеке жұмыс жасалынды. 10 класс оқушыларының адаптациясы зерттелінді, төмен бейімделуге ие оқушы анықталмады. Оқушылардың бейімделу деңгейінің нәтижесі класс жетекшілеріне таныстырылды. Баламен жұмыс жасауға қажетті ұсыныстар берілді. 8-9-10-11 класс оқушыларының депрессия, стресс, мазасыздық деңгейлері зерттелді. Деңгейлері орташадан жоғары, жоғары оқушылармен сұқбат өткізіліп, бір оқушы анықталды. Ол оқушымен жеке жұмыс жоспары жасалынып, жұмыстанудамыз. 9-11 класс оқушыларының кәсіби бағдары зерттелінді. 9класс оқушыларының 151 оқушысы қатысты. Голланд сауалнамасы алынды. Зерттеу қорытындысы бойынша, “Адам- техника” типі -37 “Адам-адам”- 51 “Адам-табиғат”-22 “Адам-белгілеу жүйесі”- 13 “Адам-көркем бейне” -26 оқушы анықталды. 11класс оқушыларынан Климов әдістемесі алынды, 70 оқушы қатысты. Реалистік тип -19, Зияткерлік тип -13, Әлеуметтік тип - 14, Конвенциалды тип -4, Іскер тип -15, Әртістік тип -7 оқушы анықталды. 6-7 класс оқушыларының мазасыздық деңгейі зерттелінді. Мазасыздығы орташадан жоғары, жоғары оқушылармен жеке сұқбат жүргізілді. Қауіп тобында оқушы анықталмады.

2. Консультация бағыты бойынша балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері негізінде педагогтарға кеңес беріліп, ата-аналарға топтық және жеке консультациялар ұйымдастырылды.

3. Коррекциялық бағыт бойынша психодиагностика және сұраныстарының нәтижелері бойынша оқушылармен дербес коррекциялық жұмыстар ұйымдастырылды. 5 класс оқушыларына “Із кесушілер” ойыны өткізілді. 9 класс оқушыларына тренингтер жүргізілді. Жасөспірім оқушыларға мектепшілік тренингтер өткізілді. Ұстаздарға “Күпия дос” акциясы ұйымдастырылды.

4. Тәрбие бағыты бойынша тәуекел тобы оқушыларына арналған психологиялық қолдау сабақтары жүргізілді. “Сенім” жәшігі, “Сенім” телефоны бойынша жұмыстар ұйымдастырылды, жадынамалар таратылды.

Қақтығыс аймағынан оралған оқушымен жеке жұмыс жоспары құрылып, оқушымен негізгі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді. Жасалған жұмыстар Облыстық білім басқармасына таныстырылып отырылды. Қысқы каникул уақытында бос уақытын ұйымдастыру бойынша жеке жоспар жасалынды.

Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар отбасылармен және балалармен ерекше оқушылармен құқық бұзушылықпен қараусыздықтың алдын алу бағыты бойынша мектепте есепте тұрған және ерекше оқушылармен қолайсыз отбасы балалары анықталып есепке алынды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен де жеке жоспар құрылып, жоспар бойынша құжаттар жинақталды. Дінге бейімділігі бар отбасы балаларымен, тәуекел тобы және мектепшілік есепте тұрған оқушылармен диагностикалық, коррекциялық, профилактикалық жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылуда.

Мектеп директоры:  Сарин Б.У.

Мектеп психологтері:  Баймишева А.М.  
 Мауенизова С.Б.